

Раздел III

СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

УДК 614 (075.8).61

А. Б. Рамазанова, З. Ж. Сушина, А. К. Баймуратова

Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты
Алматы қ.

БІРІНШІЛІК МЕДИКО-ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТЕТІН ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ҚЫСҚА СЕМИНАР-ТРЕНИНГТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

ТҮЙІН

Бұл мақалада қысқаша өткізілетін семинар-тренингтер біріншілік медико-әлеуметтік көмек көрсететін дәрігерлердің қызметтерін жақсартуына қалайша өз үлесі қосатыны жайлы сипатталған.

Түйінді сөздер: біріншілік медико-әлеуметтік көмек, семинар-тренинг.


Әлем бойынша денсаулық сақтау жүйесінің бірыңғай буыны-жан ұялы дәрігер болып есептеледі. Дегенмен совет үкіметі кезінде жан ұялы дәрігерлерді дайындау жағы қарастырылмаған, керісінше оларға көп сындар айтылған. Әлем тәжірибесіндегі жан ұялы дәрігерлер даму тарихы бойынша, ауруханаға дейінгі арнайы көмек көрсету таптырмас орын алатындығын көрсетті. Жан ұялық дәрігер деген сөз өз нақасының денсаулығын ана құрсағында жатқан уақыттан бастап қартайғанға дейін бақылайды. Негізінде ол терапия, хирургия, педиатрия мәселелерімен бірлесе біріншілік көмек көрсете алуы тиіс. Сондықтан қазіргі таңда Қазақстан денсаулық сақтау министрлігінің негізгі мақсаты-талапқа сай амбулаторлық көмек көрсету жақсарту. Қазақстан денсаулық сақтау министрлігі жан ұялық дәрігерлерді, жалпы тәжірибелік дәрігер деп атай отырып біріншілік медико санитарлық көмекті жақсарту үшін 2011-2015 жыл аралығында "Саламатты Қазақстан" атты бағдарламаны Үкіметпен қоса іске асыруда[1-3].

"Біріншілік медико санитарлық көмек орталығы (БМСК) -ол халықтың алғашқы денсаулық сақтау мекемесімен қарым қатынасы" деп, 1978 жылы Алма-Атада өткізілген бүкіл

әлемдік конференцияда қабылданған. Олар тек емдеп не алдын-алу шараларын жүргізіп қана қоймай, тіркелген науқастарға медициналық көмекті ұйымдастырады. Сонымен қатар медициналық көмектің тиімді болуын ыңғайлыландырады, зерттеу және емдеу шараларының сапалы орындалуына, ауруханаға дейін жеткізбеу, сабақтан және жұмыстан қалмай ем қабылдауларына жол беруге тырысады. БМСК сапасын келесі факторлар бағалайды (сурет).

Жалпы тәжірибелі дәрігер мақсаттарының бірі амбулаторлық емге қаралатын адамдар санын көбейту, тар шеңбердегі мамандарға қаралатын адамдар санын азайту, көбінде халықтардың денсаулығын сақтау үшін олардың алдын алу шараларына көп көңіл бөлу керек екендігін адамдарға түсіндіріп, саламатты өмір салтымен жүруін үгіттеу болып табылады. Жан ұялы дәрігер мамандарын "1998 жылдан бастап даярлағанмен, ескіден келе жатқан мамандар арасында түсінбеушіліктер де кездесіп отыр, сонымен қатар әр маман өз мамандықтары бойынша ғана шектеліп қана отыр, осының барлығы біздің дәрігерлерге қысқаша семинар тренингтерді тәжірибелік жағынан көрсетуімізге мүмкіндіктер ашып отыр[4,5].

Жұмысымыздың мақсаты: жалпы тәжіри-



БМСК сапасын арттыратын факторлар

белік дәрігерлердің біліктілігін арттыру мақсатында қолданылатын қысқа оқу курстарының сапасын арттыру.

Осы қойылған мақсатымызды шешу үшін келесі шарттар қойылды:

- терапия және педиатрия мамандарын жалпы дәрігер мамандарын заманға сай және тәжірибелік жағынан дайындау. Сол үшін оларды инновацияланған тәжірибелік дағдылар орталығында сабақтарды өткізу көзделіп отыр. Және де орта буындағы мамандар фельдшер мамандарын кәсіби жалпы дәрігерлік тәжірибе бойынша даярлау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, орта буынды медбикелерді жалпы дәрігерлерге көмекші ретінде ғана емес өмір ағымына сай дайындау көзделіп отыр.

Тыңдаушылардың осы күндері өткен уақытын кетірмеу жолын шешу мақсатында сабақтарды көбінде дистанционды түрде өткізуге тырысу, әр облыс орталықтарында тәжірибелік дағдылар орталықтары бар, солармен келіссөз жүргізіп, сол келісілген орталықтарда тәжірибелік сабақтарды өткізу.

Шарттарды шешу үшін келесі тәсілдерді қолданамыз: тыңдаушылар оқытушылармен бірігіп, тәжірибелік сабақтарды инновацияланған тәжірибелік орталықтарында өткізу. Тыңдаушылар екі-үштен бөлініп, өз бетімен

ситуациялық сұрақтарды талқылауға кіріседі, олар науқастан жинаған анамнезінен бастап, тексеру жүргізіп, лабораториялық және құрал-аспаптық зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, өз шешімдерін шығарады. Содан кейін олардың жасаған талдауын барлық тыңдаушылар оқытушылармен қосылып тыңдап, содан кейін әр тыңдаушы қай жерде дұрыс шешімдерімен қателіктерін өздерінен тауып, олардың оң, не теріс жағын қарастырады. Содан кейін Қазақстан Республкасының стандарттарына сай зерттеу және емдеу шараларын нұсқау ретінде ала отырып шешім қабылдаймыз.

Орта буындағы мамандарды да көбінде тәжірибелік жағынан дайындай үшін фельдшер және медбикелердің сабақтарын емханада өткізген жөн. Қала бойынша екі емхана пилотты проект бойынша жұмыс жасауда, сол емханаларға орта буындарғы медицина қызметкерлерін апарып тәжірибелік сабақтар өткізілді. Жалпы дәрігер мамандарының үш медбикелері болады олардың ең үлкені жоғарғы медбикелік мамандық алғандар не фельдшерлер. Екінші медбике тек диспансерлік науқастармен жұмыс жасайды. Үшінші медбике жалпы тәжірибелік дәрігерге көмектеседі. Аға медбике барлық зертханалық зерттеулерді өздіктерінен талдау жасап жалпы тәжірибелік дәрігер-